

**Астана қаласы әкімдігінің
«№ 30 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКК
қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау нәтижелері бойынша
АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларына, сондай-ақ Астана қаласы әкімдігінің «№ 30 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКК директорының 2025 жылғы 01 желтоқсандағы № 160 бұйрығына сәйкес 2025 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жұмыстары жүзеге асырылды.

Жұмыс тобының құрамы:

- директордың орынбасары Г.А.Сулейменова
- директордың орынбасары Г.И.Ногербек
- директордың орынбасары С.Ж.Молдабекова
- бухгалтер Б.С.Курумбаева
- іс жүргізуші Г.М.Нурпейсова

Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді және 2023 жылғы 21 ақпандағы № 487/0 мектеп Жарғысын басшылыққа алады.

**I. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДЕГІ СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ**

1. Мекеменің құрылымы:

- Әкімшілік
- Кадр қызметі және іс жүргізу
- Қаржы-экономикалық бөлім (бухгалтерия, мемлекеттік сатып алулар)
- Оқу-тәрбие жұмысы және цифрландыру
- Техникалық-шаруашылық бөлім

2. Талдау нәтижелері:

Мекеменің нормативтік құқықтық актілері мен ішкі регламенттеріне жүргізілген талдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Қолданыстағы заңнамаға сәйкессіздіктер жоқ.

**II. ҰЙЫМДАСТЫРУ-БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ**

1. Персоналды басқару:

Штаттық кесте 01.10.2023 жылы бекітілген. Талдау жүргізілген кезеңде қызметкерлер саны 171 адамды құрайды. Есептік кезеңде 10 қызметкер жұмысқа қабылданып, 36 қызметкер өз еркімен жұмыстан босатылған. Жұмыс берушінің бастамасымен жұмыстан босату және кадрларды ауыстыру фактілері тіркелмеген.

2. Мүдделер қақтығысы:

Талдау нәтижесінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету:

Мекеме келесі мемлекеттік қызметтерді көрсетеді:

- ведомстволық бағыныстылығына қарамастан бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау;
- денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы білім беру ұйымдарына бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау;
- бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау;
- негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру;
- бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өтуге құжаттарды қабылдау;
- мемлекеттік білім беру ұйымдарының оқушылары мен тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалыс ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау және жолдама беру;
- жалпы білім беретін мектептерде оқушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдетілген тамақпен қамтамасыз ету.

Мектеп әкімшілігі мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру, олардың уақтылы әрі тиімді орындалуын қамтамасыз ету мақсатында тұрақты түрде ішкі бақылау жүргізеді. Барлық қызметтер қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес көрсетіледі.

4. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері:

Өтініштермен жұмыс Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 13 қаңтардағы № 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына сәйкес жүргізіледі.

Есептік кезеңде 12 ауызша және 14 жазбаша өтініш келіп түсті. Барлығы белгіленген мерзімде қаралды, мерзімдердің бұзылуы анықталған жоқ. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне байланысты шағымдар түскен жоқ.

5. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі іс-шаралар:

2023–2026 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия мен кешенді іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде:

- дөңгелек үстелдер,
- кеңестер,
- семинарлар,
- қызметкерлер мен оқушылар арасында түсіндіру әңгімелері өткізіледі.



6. Мемлекеттік сатып алулар:

Барлық шарттар Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңының талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып алулардың веб-порталы арқылы жасалған. 2025 жылғы 31 желтоқсанда 164 шарт жасалды. Мектептің ресми сайтында мемлекеттік сатып алулар мен есептілік туралы ақпарат орналастырылған.

7. Қорытынды:

Талдау қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері, тәртіптік жазалар және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар анықталған жоқ. Ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылуда.

Жұмыс тобы:

Директордың орынбасары		Г.А. Сулейменова
Директордың орынбасары		Г.И. Ногербек
Директордың орынбасары		С.Ж. Молдабекова
Бухгалтер		Б.С. Курумбаева
Іс жүргізуші		Г.М. Нурпейсова